КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 04 желтоқсан №7119-23-00-2/13890 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ғ.Жақсыбаев,

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитеті «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«Трио» атты жеке кәсіпкер Анастасия Владимировна Головко,
«Раяна» атты жеке кәсіпкер Маржан Әбітқожақызы Әшімжан,
«Дос и К» атты жеке кәсіпкер Досжан Нарымбайұлы Нарымбай;

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

2023 жылғы 13 қазанда Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитеті «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – РМК) мен «Трио» атты жеке кәсіпкер Анастасия Владимировна Головко (бұдан әрі – ЖК-1) арасында 2023 жылғы 31 желтоқсанына дейін қолданылу мерзімі бар №1411 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

Шарттың талаптарына сәйкес өнім беруші ретінде 2023 жылдың 29 қазанына дейін талап қоюшыға жалпы сомасы 268 000 теңге тауар – 40 дана телефон аппараттарын жеткізуге, ал РМК тапсырыс беруші ретінде тауарды қабылдап алуға және ол үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

Документ подписан: Жақсыбаев А. Г., 04.12.2023
Дата вступления в законную силу: 12.01.2024, судья Жақсыбаев А. Г., 06.03.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Бұл ретте өнім беруші белгіленген мерзімі аяқталған күніне дейін техникалық сипаттамаға сәйкес тауар жеткізбеген.

2023 жылғы 05 қазанда РМК мен «Раяна» атты жеке кәсіпкер Маржан Әбітқожақызы Әшімжан (бұдан әрі – ЖК-2) арасында 2023 жылғы 31 желтоқсанына дейін қолданылу мерзімі бар №1414 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

Шарттың талаптарына сәйкес өнім беруші ретінде 2023 жылдың 21 қазанына дейін талап қоюшыға жалпы сомасы 123 000 теңге тауар – 15 дана телефон аппараттарын жеткізуге, ал РМК тапсырыс беруші ретінде тауарды қабылдап алуға және ол үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

Бұл ретте өнім беруші белгіленген мерзімі аяқталған күніне дейін техникалық сипаттамаға сәйкес тауар жеткізбеген.

2023 жылғы 12 қазанда РМК мен «Дос и К» атты жеке кәсіпкер Досжан Нарымбайұлы Нарымбай (бұдан әрі – ЖК-3) арасында 2023 жылғы 31 желтоқсанына дейін қолданылу мерзімі бар №1433 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

Шарттың талаптарына сәйкес өнім беруші ретінде 2023 жылдың 28 қазанына дейін талап қоюшыға бағасы 38 578 теңге тауар – 1 дана аккумуляторды жеткізуге, ал РМК тапсырыс беруші ретінде тауарды қабылдап алуға және ол үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

Бұл ретте өнім беруші белгіленген мерзімі аяқталған күніне дейін техникалық сипаттамаға сәйкес тауар жеткізбеген.

Осыған байланысты, талапкер соттан жауапкерлерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары деп тануды сұрады.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

2023 жылғы 13 қазанда РМК және ЖК-1 арасында шарт жасалған.

Шарттардың 2 қосымшасына, яғни техникалық ерекшелікке сай тауар жеткізу мерзімі 2023 жылдың 29 қазан.

Документ подписан: Жаксыбаев А. Г., 04.12.2023

Дата вступления в законную силу: 12.01.2024, судья Жаксыбаев А. Г., 06.03.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

2023 жылғы 05 қазанда РМК және ЖК-2 арасында шарт жасалған.

Шарттардың 2 қосымшасына, яғни техникалық ерекшелікке сай тауар жеткізу мерзімі 2023 жылдың 21 қазан.

Талап арызда өнім берушілернің шарттың талаптарын орындамағаны туралы көрсетілген, АПК-нің 267-3 бабының 6-тармағына сәйкес өткізілген жеке процессуалдық әрекеттерде жауапкер өз пайдасына тиісті дәлелдемелерді ұсынбаған.

Осыған орай, қазіргі уақытта талап қоюшы ЖК-1 және ЖК-2 араларындағы шарттар бұзылған.

Аталған құқықтық жағдайды шешу барысында сот бірінші кезекте шарттың елеулі ережелерін реттейтін Заңның нормаларын басшылыққа алады.

Сот іске тіркелген құжаттардан жауапкерлер ЖК-1 мен ЖК-2 шарттардың талаптарын бұзған.

Сонымен қатар, тапсырыс беруші Заңда көрсетілген мерзімдерде сотқа әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюға міндетті.

Аталған істі қарау барысында өнім берушілерінің шарттарды орындамағанын ескере отырып, сот ЖК-1 және ЖК-2 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушлары ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Талап арызда ЖК-3 өнім берушінің шарттың талаптарын орындамағаны туралы көрсетілген.

Аталған құқықтық жағдайды шешу барысында сот бірінші кезекте шарттың елеулі ережелерін реттейтін Заңның нормаларын басшылыққа алады.

Сот іске тіркелген құжаттардан жауапкер шарттың талаптарын бұзған, бірақ қазіргі уақытта толық орындаған және тұрақсыздық айыппұлды төлеген.

Аталған істі қарау барысында өнім берушінің шартты қазіргі уақытта орындағанын ескере отырып, сот талап қоюды қанағаттандыруға заңды негіз жоқ деп есептейді.

Сот шығындары АПК-нің 117-бабында көрсетілгендей талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне сай өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитеті «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкерлер «Трио» атты жеке кәсіпкер Анастасия Владимировна Головко, «Раяна» атты жеке кәсіпкер Маржан Әбітқожақызы Әшімжан мен «Дос и К» атты жеке кәсіпкер Досжан Нарымбайұлы Нарымбайға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қою арызы – ішінара қанағаттандырылсын.

Документ подписан: Жаксыбаев А. Г., 04.12.2023

Дата вступления в законную силу: 12.01.2024, судья Жаксыбаев А. Г., 06.03.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер «Трио» атты жеке кәсіпкер Анастасия Владимировна Головко мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Трио» атты жеке кәсіпкер Анастасия Владимировна Головкодан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Раяна» атты жеке кәсіпкер Маржан Әбітқожақызы Әшімжан мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Раяна» атты жеке кәсіпкер Маржан Әбітқожақызы Әшімжаннан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитеті «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Дос и К» атты жеке кәсіпкер Досжан Нарымбайұлы Нарымбайға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы – қанағаттандырылусыз қалдырылсын.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья А.Ғ.Жақсыбаев

Документ подписан: Жаксыбаев А. Г., 04.12.2023

Дата вступления в законную силу: 12.01.2024, судья Жаксыбаев А. Г., 06.03.2024